

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BYOM2324>

***А. М. Смагулова¹, К.А.Толеубаева²**

^{1,2}Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

*e-mail: aizada220513@gmail.com

М. МАҒАУИННИҢ «ҚЫПШАҚ АРУЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақалада Қазақстан өз тәуелсіздігіне қол жеткізген уақытта жарыққа шыққан Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятына ғылыми саралау жүргізілді. Драматизмнің әдеби-эстетикалық ұғым ретінде хикаят жанрында алатын өзіндік орнының ерекшеліктері талданды. Қазақ әдебиетіндегі сюрреалистік үрдістегі тақырыптардың маңыздылығы, драматизмі, әдеби-тарихи шығармалардың даму жолы, олардың негізгі ойы мен тақырыптық-идеялық көрінісі қарастырылады. Мақаланың кіріспесінде көркем әдебиеттің халық тәрбиесінде алатын орны, сюрреалистік бағыттағы әдеби-тарихи шығармалардың қазақ халқының жанын, болмыс-бітімін, арманы мен мақсатын, қуанышы мен қайғысын бейнелейтін жанр екендігіне шолу жасалады. Негізгі бөлімінде қазіргі заманғы ең көп оқылған хикаяттардың бірегейейі М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» атты хикаятындағы драматизмнің философиялық мағынасы сөз етіледі. Ең бастысы, туынды құрамындағы драматизм, оның туындау, айқын шарықтау сәттері, оған себепкер болған жайттар бейнеленген. Қорытынды бөлімінде қазақ повесттеріндегі оқиға желісінің көркем шығармадан ерекшелігі, тарихи сананың ұлттық мінезбен түйісуі, Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің гасырлар тоғысынан тарихи жадымызда келе жатқандығы тұжырымдалады. Қазақ прозасында сюрреализм тақырыбында жазылған повестер мен хикаяттардың өзектілігі мен өткірлігі, шынайылығы мен аңыздық желісі талқыланады.

Кілтті сөздер: драматизм, сюрреализм, тарихи жад, ұлттық болмыс пен рух, қазақ өнері, адам болмысы.

Кіріспе

Қазақ әдебиеті тарихында сюрреалистік бағытта жазылған шығармалар көп емес. XX ғасыр қазақ әдебиеті үшін ең көп романдар, повестер, көркем шығармалар әкелген жемісті ғасыр болды. Әдебиет ғылымына еуропа елдерінен келген ағымдармен бірге ұлттың мінез-құлқы, этика және мораль заңдылықтары өзгеріске түсті. Осындай жағдайда ұлттық мінездің қанық түсін жоғалтып алмас үшін жазушы қауым тарихи еңбектер жазуға ұмтылды. Осынау қиын таңдау жасауда қоғам қайраткері, дарынды қаламгер М. Мағауин тарихты зерттеп қана қоймай, ерте замандағы қазақ халқының ерліктерін, болмысын, өмірге құштарлығы мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіну үшін оқырман қиялын көне дәуірлерге сапар шектірді. Демек, өткеннен жеткен тарихи әпсана, шежіре, аңыз арқылы ұлт тарихындағы алапат тартыс, драмалық коллизиялармен дүниеге келген өркениет белгілеріне үңілді. Белгілі сыншы А. Кеңшілікұлы «Қазақ халқы үшін зор еңбек сіңірген, «Бес ғасыр жырлайды» атты жыраулар мұрасын түгендеп санатқа қосу үшін барлық саналы ғұмырын сарп ету арқылы, ұлттық санамызды оятқан екі адам болса, соның бірі – Мұхтар Мағауин емес пе», – дейді [1, 150].

«Қыпшақ аруы» шығармасының көпшілік оқырман арасында танымал болуының бірнеше себептері бар. Ол ұмытылған тарихты қайта жаңғырту арқылы ұлттың өзін тануға ұмтылысы, қоғамдық сананың жетілуі, Отан анаға қатысты кез келген дүниені қадірлеу дер едік. Әдебиет ғылымындағы негізгі себеп жазушы тілінің шеберлігі мен драматизм элементтерінің оқырманды баурап алуы. Прозадағы драматизм адам қиялын биікке самғатып, ақыл-ойдың дамуына ықпал етері сөзсіз белгілі.

Зерттеудің нысаны: Тәуелсіздік жылдарында жазылған, тарихи шығарманың аздаған болса да элементтері бар хикаяттардың дүниетанымдық ұстанымы, дедукциялық тәсілмен ұлттық көзқарасты анықтау және олардың ұрпаққа берер өнегесін қарастыру. М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятындағы драматизм табиғатына әдеби-теориялық талдау жасау мақаламыздың басты нысаны болып табылады.

Зерттеудің пәні: Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік жылдарында жазылған хикаяттардағы драматизмнің маңыздылығы мен мәні.

Мақсаты: Халқымыздың асыл қасиеттері мен парасаттылығын әдеби шығармалардан ұғынуды үйрену. Хикаяттардың ұлттың сана-сезімінде қалдырар таңбасы мен ой-қозғалыс үдерісін талдау және оқиға желісіндегі драматизм арқылы ұлттың болмысын көрсету.

Міндеттері: Тәуелсіздік жылдары жарық көрген шығармаларға деген қоғамның қызығушылығын арттыру, тарихнамалық білімнің болу

шарттылығын ескеру, ұлттық рухты сана биігіне жеткізудің ең тиімді тәсілі әдеби шығармаларды насихаттау және оқуды жүзеге асыру болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде әдебиеттану ғылымында драматизм категориясына байланысты жазылған ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасындағы жаңа ізденістер мен жаңашылдықтар туралы жазылған зерттеулер қарастырылды. Жұмыс барысында саралау, теориялық талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ әдебиеті ұлт өмірінің шынайылығын бейнелейді. Қандай бағытта жазылмасын көркем әдебиетте ұлттың болмысы айқын көрініп тұруы керек. Талғамы жоғары оқырман өз бойына керегін сіңіре отырып ұлтқа адал қызмет етіп, ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейді. Қазақ прозасындағы тұғыры биік шығарманың бірі М. Мағауиннің 2004 жылы жарық көрген «Қыпшақ аруы» хикаяты. «Аласапыран» атты тарихи романды жазып, қазақ әдебиетінде даралығымен, даналығымен ерекшеленетін жазушының еңбегі үлкен. «Қазақ ұлтының рухын, оның болмысын құрайтын тарихының бүгінге дейін насихатталмай келе жатқанын жазушы «Қыпшақ аруында» түйіндеп бергендей» [2, 115].

Әдебиеттанушы ғалым Р. Нұрғали қазақ әдебиетіндегі драматизм туралы зерттегені белгілі [3]. Ол М. Мағауиннің әлем әдебиетінің классикасын түгел оқығанын және аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарды есте сақтау қабілетінің ерекшелігіне жоғары баға берген [4]. Қазақстанның тәуелсіздік жылдары жазылған хикаяттардың ішінде М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаяты ең көп оқылған, сұранысы жоғары әдеби шығармалардың қатарында тұр.

Хикаят сюрреализм стилінде жазылған. «Еуропа әдебиетінің өзінде де әлі күнге даулы, әлі біреуі мойындаса да, біреуі мойындамайтын, бірақ иландыра білетін, еріксіз бас игізетін сюрреализм әдісіне ден қойған. Бұны біз қарапайым жайдақ тірліктен бас тартып, тек өз әлемі арқылы өмір сүріп, өзі іштей жасап алған әсем әлеміне біржола еніп, сіңіп жоқ болып кеткен Саржан бейнесінен көреміз. Ал бұл өнер саласының бастау-бұлағы дегеніміз – адам санасының терең түкпірінде бұғып жатқан құпия әлемді зерттеу деп ұғатын сюрреалистердің тұжырымдамаларымен сәйкес келетін бағыт.» [5].

«Қыпшақ аруы» еш уайым, алаңсыз, өз ұғымдарына салсақ, «өткенге салауат, бүгінгіге – тәуба, болашаққа – үміт» қағидасымен ғұмыр кешіп келген жазушының, Саржан мүсіншінің кенеттен ...иә, кенеттен, жабайы инстинкт емес, табиғи, әлде тәңірден, әлде Аруақтан, әлде біз біле бермейтін ғарыштың өзінен келген табиғи инстинкпен өткеніне оралуы. Өткенде бәрі бар екен. Тарих та, пәлсапа да, түркі, қыпшаққа ғана тән ұлттық болмыс та ... Бәрі де,

... бірақ мына жандар сұлулықтың символы – Қыпшақ аруына ден қойыпты. Мүсінші әрекеті, өткенге үңілген жады Саржанды ғана емес, жазушыны да өз иіріміне әкетіп бара жатқандықтан, автор (жазушы) да, мүсінші де өткен жақтағы жадымен беттесіп, біріншіден, сюжеттік-композициялық даму үрдісіне мүмкіндік туғызған.

М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятындағы маңызды мәселелерінің бірі – адамды жаңа дүниетанымдық белеске жеткізу. Мүсінші Саржан қалыпты өмірінен басқа күйге түседі. Саржанның бүгінгі заманнан көне қыпшақ дәуіріне өтудің себебі өзінің жанымен күресуі, ата-баба мұрасын іздеуі, өткенге қайту арқылы қазақы рухын табуы еді. Жазушы мифологиялық сарынды қолдана отырып, адам жанының күрделілігін, қарама-қайшылығын, санадағы төңкерісті көрсете білген. «Қыпшақ аруы» хикаятының драматизмі де басты кейіпкердің өз жанымен күресуінде жатыр.

Осылайша, оқиғаның ең басында Саржанның өміріндегі мистикалық сәттердің қызықты желісі басталып кетеді. Мүсінші Саржанның қазақ өнері үшін жанын құрбан етуге дайын және шындықты іздеуші бейнесі пайда болады. Шынында да, М. Мағауин тарихинаманың жазушысы, тіпті осы кейіпкерге қатысты эпизодтардың жазылу стилі де осыны айғақтайды.

Бүгінгі замандағы Саржанға өмірдің мәні неде екенін ешкім түсіндіре алмайды. Алайда ол көп ұзамай бұл сұраққа тылсым күшпен Қыпшақ ханының баласына айналу арқылы жауап алады. Ежелгі түркі әлемі оған өмірдің мәні болашақ ұрпақтың игілігі үшін еңбек ету екенін түсіндіреді. Біздің ойымызша егер жаңа өмірдегі кейіпкердің екі заманда уақыт пен кеңістікке бағынбай еркін шарламай осы заманмен ғана шектелсе, жаңа өмірге ата-баба рухымен қайта қосылуда драматизм болмас еді. Жаңа замандағы зиялы қауымға еуропалық тәрбие берілсе де жан түкпірінде ата-баба қаны жібермейтін ұлттық рух сайрап жатыр деген идея бар.

«Қыпшақ аруындағы» драматизм қаһармандық болмаса да батылдықта, яғни қалыпты нәрселерден бас тарту арқылы шынайы табиғатын іздеу, өзіндік «Менін» табуда жатыр. Атаққа ерте жеткен, табысты, талантты мүсінші Саржан Көбековтың шынайы өмірінің қайшылықтарынан туындайды. Басты кейіпкердің ерекше қиялы немесе жеке өмірінің шығармашылығына әсер етуі, кейде өзінен тәуелсіз сыртқы күштерден шабыттану және өткен замандардың елесі болған кездегі мистикалық сәттерінен драматизмді көруге болады.

М. Мағауиннің бұл хикаятындағы тартыс элементтері мен солардың әсерінен болған кейіпкердің басынан кешкен оқиғалары көбінесе көркем шығармаларда терең идеялық ой толғау мен бағалау нысанасына айналып, өзіндік пафос туғызады. Бірақ Саржанның өз болмысын түсіну мен өнерін бағалау басқа бағытқа ие болмай ұрпаққа мұра болатын жаңа мүсінді жасап шығарады. Жазушы кейіпкерге жол сілтеуші, дос ретінде оның арман-

мақсатын жүзеге асыру жолындағы күресіне, тағдыры мен өмірі, өнері мен қиял арпалысы үшін терең түсіністікпен қарай алады.

«Қыпшақ аруы» хикаятындағы драматизмнің ең ұтымды жері мына бір үзіндіде айқын көрінеді: «-Кететін болдық, -деді Саржан. Мүсінді жасап бітем, содан соң екеуміз баяғы заманымызға қайтадан көшеміз. Тура 1173 жылға. Айсұлу нақтылап айтты, мен бүгінгі мағлұм тарих бойынша тағы тексердім мың емес, сегіз жүз жыл бұрын екен. Айсұлу – он жетіде, мен- жиырмадамын. Жаңа ғана қосылғанбыз. Бүгінгі кезімізге, яғни мүсін әуелгі мүсін жасалған жылға дейін ғұмыр кешеміз. Содан соң екеуміз де өлеміз. Былайша, сырттай, қарағанда. Ал шын мәнісінде 1787 жылға дейін, біржолата шағылып қалғанша, қартаймай, қам қайғысыз, қосағымызбен, тағы да алты ғасыр ғұмыр кешеміз. Содан соң, бәлкім бүгінгі күн. Біздің мәңгілік ғұмырымыздың үшінші айналымы... Яғни, көлденең көзге ақиқат көрінетін өлімнің ешқандай қорқынышы жоқ» [6, 36]. Айсұлу- бегім қазақ әйелінің идеалды бейнесі. Айсұлу-бегім сияқты парасатты аналардан қаншама қыпшақ ұрпағы тарады десеңізші. Жазушы Айсұлу-бегім бейнесі арқылы қазақ әйелдерінің мәртебесін қалайша биікке көтеретініне тамсана қарайсың. Бірден өз тарихи жадымызда Айсұлу-бегімнен қалған сарқытты іздейміз. Хикаяттың тереңдігі де осында жатыр емеспе!

Бүгінгі заман Саржанының өткен дәуір Қыпшақ ханзадасы Саржаннан екеуі екі бөлек адам емес, біртұтас қазақ баласы екені туралы терең мәні бар. Жазушы халқымыз қанша орыстандыру саясаты мен отарлық езгіден, ұлттық ар намыстың тапталу кезеңдерін бастан кешсе де өткен тарихи санадан алшақтамады. Ұлттық рух түпсанамызда жасырынып сәл тыныстады. Хикаяттағы Саржан сияқты ендігі жастар тек жатпай өз бойынан ғасырлар қатпарындағы бейнесін табуы керек. М. Мағауин «Қыпшақ аруы» кейіпкердің жазушы досымен диалогі арқылы артық пафосқа ұрынбай драматизм элементтерін ұтымды пайдаланады. «Қыпшақ аруындағы» мұндай сәттер адам жанына сәйкес тәжірибелерді қалыптастырады, әсіресе өнер адамдарына – терең қорқыныш пен азап, күшті толқу мен шиеленіс сезімдерін оятады. Бұл хикаятта драматизм кейіпкердің ұлттық және еуропалық болмысымен күресуге деген жігерінің табандылығында деп есептейміз. Мысалы Саржанның «-Тәңірі жарылқасын! - деді Саржан мені құшақтап. – Міне, толығымен дайын болдым. Осы қалпымда тура ұлы бесін әлеті, 1173 жыл, маусымның 17 жаңасы, ежелгі жұртым Қыпшақ ұлысына, атам Көбек ханның ақ ордасына барып жетем! Ал бұдан тура бір апта бұрын хан үйіне келін боп түскен Айсұлу-бегім әуелден әзір. – Мейірлене жымып, оң қолын көтерді...» деген тұсында қуанышы мен өжет те қайсар тұлғасы көрінеді [6, 57].

Драматизмге толы хикаяттардағы кейіпкерлердің басынан кешкен оқиғалары көбінесе көркем шығармаларда терең идеялық ой толғау мен өмірді бағалау дәрежесіне ие болады. М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» шынайы өмірдегі жағдайлары мен тарихпен біте қайнасып жатқан жаны адамзаттың түрлі бейсаналы әрекеттеріне жетелейді. Бірақ көбінесе сыртқы жағдайлардың әсері адамның санасында ішкі қарама-қайшылықты, жан-тәнімен күресуді тудырады. Одан кейін мистикаға ұласады. Ешқандай да мүсінші Саржан Көбеков болмаған, бұл тек түс болып шығады. Хикаяттың осылай аяқталуы драматизмнің енді оқырманның тарихи санасына әсер беруі үдерісі басталады. Осылайша білгір жазушының тарих тақырыбындағы хикаяттары ұрпаққа тікелей немесе жанама түрде болсын өнеге болады.

Драматизм – ауқымы жағынан хикаяттағы бірер эпизоттық сипаттағы кейіпкерлерді ғана емес, авторды баурап, еліктіріп, оның аузына ең соңында мына сөздерді салушы, «...Дәл солай! Ел Анасы - Ұмай Ана! Сенің жарқын заманда туып, көлеңкелі күндерден өтіп жеткен сынық жүзіңнің өзі менің азғана ғұмырымды өлшеусіз ұзартты. Тасың тозбасын, суретің ескірмесін деп, сегіз ғасыр биігінен туған жұртын тағы да алқай берсін деп, осы әсіресіз хикаятты өшпес таңбаға түсірдім. Бүгінге жалғасқан ежелгі ұлысың, еселеп өсер кейінгі ұрпағың аман болса, ғасырдан-ғасырға өтесін, мәңгі жасайсың!...» [6, 76].

Қорытынды

Бұл мақалада тарихи элементтері бар көркем шығармалардың өзектілігін көрсетіп және олардың негізгі ұлттық идеясын талдауға тырыстық. Қазақ әдебиетіндегі тарихи жанрдың дамуына үлкен үлес қосқан белгілі жазушы М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятын арқау ете отырып, ата-бабамыздың рухани мұрасы ұрпаққа жететін аманат екенін көрсетуге талпындық. Қашанда тарихи-мәдени дәстүр қазақ әдебиетінде көрініс тауып қана қоймай, жаһандану дәуіріне тұспа-тұс келіп отырған біздің заманымызда ұлттық ерекшелігімізді, салт-санамыз бен дүниетаным көкжиегімізді бағалауға үйретері сөзсіз ақиқат.

«Қыпшақ аруы» хикаятының мазмұнын талдай келе ата-баба рухы өлген жоқ, ол бүгінгі және ертеңгі келер ұрпақ санасында жаңғыра бермек деген ойға келдік. Қазақ әдебиетіндегі драматизм мәселесін әдістемелік, көркемдік жағынан ғана емес, философиялық тереңдігін зерттеудің қажеттілігін дүниетанымдық негізде қарастырдық. Ұлттық идеологияға тікелей жол сілтеуші бағдаршам қазақтың тарихи жанрдағы хикаяттары екеніне күмән жоқ. Қазіргі уақытта әсіресе, драматизм табиғатын толық ашуға ғылыми ізденістердің аздығын алға тарта отырып, болашақта басқа да шығармаларды зерттеуді жалғастыру қажет деген қорытындыға келдік.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Кеңшілікұлы А.** Шеберлік пен шындық [Мәтін] – Алматы : «Дәуір», 2020. – 348 б.
- 2 **Ісімақова А.** Қазіргі әдебиет пен әдебиетті зерттейтін қауым [Мәтін] – Алматы : «Елтаным баспасы», 2015. – 344 б.
- 3 **Нұргали Р.** Движение жанров [Текст] // Вопросы литературы. 1980. – № 7.
- 4 **Нұрғали Р.** Сырлы сөз. Әдеби сын зерттеу [Мәтін] – Алматы : «Жазушы», 2000. – 400 б.
- 5 **Қажығали Мұхамбетқали.** Ғасырларды сөйлеткен... [Электрондық ресурс]. – <https://aqtobegazeti.kz/?p=30016>
- 6 **Мағауин М.** Қыпшақ аруы [Мәтін]. – Алматы : «Атамұра», 2006 ж. – 250 б.
- 7 **Елеуқенов Ш.** Әдебиет және ұлт тағдыры [Мәтін] – Алматы : «Жалын», 1997. – 368 б.
- 8 **Дәдебаев Ж.** Адам және заман [Мәтін] – Алматы : «Өнер», 2007. – 365 б.
- 9 **Ергөбек Қ.** Сарасөз. Әдебиеттану, сын әлемі [Мәтін] : – Алматы : «Қазақстан», 2013. – 571 б.
10. **Әшімбаев С.** Азаматтыққа адалдық. Әдеби сын мақалалар, зерттеулер, толғаныстар [Мәтін] : – Алматы : «Паритет», 2007. – 334 б.

References

- 1 **Kenshilikuly A.** Sheberlik pen shyndyk [Skillfulness and reality] [Text] – Almaty : «Dauir», 2020. – P. 348
- 2 **Ismakova A.** Kazirgi adebiet pen adebietti zertteitin kauym [Modern literature and literature studying community] [Text] – Almaty : «Eltanym baspasy», 2005. – P. 344
- 3 **Nurgali, R.** Dvijeme janrov [The movement of genres] [Text] – Voprosy literatury, 1980. – No. 7.
- 4 **Nurgali, R.** Syrly soz [A mysterious word] [Text] – Almaty : «Zhazushy», 2000. – P. 400.
- 5 **Kazhygali Mukhambetkali.** Gasyrlardy sojletken... [The one who made centuries speak] [Electronic resource]. – <https://aqtobegazeti.kz/?p=30016>
- 6 **Magauin M.** Kypshak aruy [Kipchak beauty] [Text] – Almaty : «Atamura», 2006. – P. 250.
- 7 **Eleukenov Sh.** Adebiet zhane ult tagdyry [Literature and the fate of the nation] [Text] – Almaty : «Zhalyn», 1997. – P. 368

8 **Dadebaev Zh.** Adam zhane zaman [Man and time] [Text] – Almaty : «Oner», 2007. – P. 365

9 **Ergobek K. Sarasoz.** Adebiettanu syn alemi [The Queen of Words. Literary Studies, Criticism] [Text] – Almaty : « Kazakstan», 2013. – P. 571

10 **Ashimbaev S.** Azamattykka adaldyk. Adebі syn makalalar, zertteuler, tolganystar. [Loyalty to citizenship. Literary criticism articles, research, reflections] [Text] – Almaty : « Raritet », 2007. – P. 334

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

*А. М. Смагулова¹, К. А. Толеубаева²

^{1,2}Қарағандинский университет
имени академика Е. А. Букетова,
Республика Казахстан, г. Караганда.
Принято к изданию 08.09.23.

ПРОБЛЕМА ДРАМАТИЗМА В ПРОИЗВЕДЕНИИ М. МАГАУИНА «КИПЧАКСКАЯ КРАСАВИЦА»

В данной статье научно проанализирован рассказ «Кипчакская красавица» Мухтара Магауина, изданный во времена независимости Казахстана. Анализируются особенности драматизма как литературно-эстетического понятия в жанре рассказа. Рассмотрены значение тем в сюрреалистическом направлении в казахской литературе, драматизм, пути развития литературно-исторических произведений, их основная идея и тематико-идеологическое выражение. Во введении статьи дается обзор места художественной литературы в воспитании народа, литературно-исторические произведения сюрреалистического направления представляют собой жанр, изображающий душу, существование, мечты и цели, радости и печали человека. В основном разделе рассматривается философский смысл драматизма в одном из самых читаемых современных рассказов М. Магауина «Кипчакская красавица». Отмечается что самое главное – это драматизм произведения, его истоки, четкие кульминационные моменты и факторы, вызвавшие его. В заключительной части делается вывод о том, что сюжетная линия данного рассказа отличается от художественного произведения тем что историческое сознание переплетается с национальным характером и что безграничная любовь к Родине осталась в нашей исторической памяти с рубежа веков. Обсуждается актуальность

и острота, достоверность и перекликанье рассказов и повестей с легендами, написанными в сюрреалистическом направлении в казахской прозе.

Ключевые слова: драматизм, сюрреализм, историческая память, национальное самосознание и дух, казахское искусство, природа человека.

*A. M. Smagulova¹, K. A. Toleubaeva²

^{1,2}Karaganda University named
after Academician E. A. Buketov,
Republic of Kazakhstan, Karaganda.
Accepted for publication on 08.09.23.

THE PROBLEM OF DRAMATISM IN THE STORY «KIPCHAK BEAUTY» BY MUKHTAR MAGAUIN

This article scientifically analyses the story “Kipchak Beauty” by Mukhtar Magauin, published at the time of Kazakhstan’s independence. The features of dramatism as a literary and aesthetic concept in the story genre are analyzed. The meaning of themes in surrealist direction in Kazakh literature, dramaticism, ways of development of literary-historical works, their main idea and thematic-ideological expression are considered. The introduction of the article gives an overview of the place of fiction in the education of the people, the literary-historical works of surrealist direction is a genre depicting the human soul, existence, dreams and goals, joys and sorrows. The main section examines the philosophical meaning of drama in one of the most readable modern stories by M. Magauin, «Kipchak Beauty». It is noted that the most important thing is the dramatism of the work, its origins, clear culmination and the factors that caused it. The final part concludes that the storyline of the story differs from the work of fiction in that the historical consciousness is intertwined with the national character and that the boundless love for the motherland has remained in our historical memory since the turn of the century. The author discusses the relevance and poignancy, credibility and echo of the stories and novels with the legends, written in a surrealist direction in the Kazakh prose.

Keywords: drama, surrealism, historical memory, national consciousness and spirit, Kazakh art, human nature.

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz